Шығыс №02
15.05.2026 ж

"Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Өтінімнің заңсыз кері қайтарылуына (қабылданбауына) қатысты шағым

Мемлекеттік сатып алу №16822062-1ашық конкурс тәсілі бойынша "PWS Group" ЖШС конкурс комиссиясының конкурсқа қатысуға жібермеу туралы шешімімен келіспейді.

Конкурстық комиссия өтінімдерді қарау хаттамасында нақты бұзушылықтарды көрсетпестен, тек жалпы тұжырымдар мен заңнама нормаларынан үзінділер келтірген. Сонымен қатар, біздің компания тарапынан жіберілген нақты қандай бұзушылықтар орын алғаны нақтыланбаған.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабы 7-тармағына сәйкес, конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада әлеуетті өнім берушінің өтінімін қабылдамау негіздемелері, сондай-ақ өтінімді қабылдамауға негіз болған растайтын мәліметтер мен құжаттар нақты көрсетілуге тиіс және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 210-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы, олардың қабылданбау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес растайтын мәліметтер мен құжаттарды нақты көрсетілуге тиіс.

Алайда "PWS Group" ЖШС өтініміне қатысты конкурс комиссиясы тарапынан төмендегілер көрсетілмеген:

- Тауардың нақты қай параметрлерін айқындау мүмкін еместігі;
- Техникалық ерекшеліктің нақты қай тармақтары конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес келмейтіні;
- Нақты қандай құжаттардың жетіспейтіні;
- Қандай мәліметтердің қате немесе толық емес көрсетілгені нақтыланбаған

Осыған байланысты конкурс комиссиясының шешімін негізсіз деп есептейміз және оны мемлекеттік сатып алу саласындағы ашықтық, объективтілік және адал бәсекелестік қағидаттарын бұзады деп санаймыз.

Хабарлаймыз, "PWS Group" ЖШС-нің өтінімінің құрамында:

• белгіленген нысанға сәйкес техникалық ерекшелік қоса берілді;
• тауардың нақты параметрлері көрсетілді;
• тауардың маркасы, өндіруші зауыттың атауы, өндірушінің мекен жайы және тауардың шығарылған елі көрсетілді;
• конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес кепілдік хат қоса берілді;

Осылайша, өтінімді қабылдамауға негіздер жоқ, ал хаттамада көрсетілген тұжырымдар жалпы және нақты емес сипатта берілген, бұл өтінімнің қабылданбау себептерін объективті түрде анықтауға мүмкіндік бермейді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, СҰРАЙМЫЗ:

- "PWS Group" ЖШС-нің өтінімін қабылдамау себептеріне қатысты конкурс комиссиясының пікірінше өтінім сәйкес келмейтін конкурс құжаттамасының нақты тармақтарын көрсете отырып, дәлелді және нақты негіздеме ұсынуды;
- №16822062-1 мемлекеттік сатып алу бойынша "PWS Group" ЖШС-нің конкурсқа қатыстырудан бас тарту туралы конкурс комиссиясының шешімін қайта қарауды;
- Заңды негіздер болмаған жағдайда, өтінімді қабылдамау туралы шешімнің күшін жоюды және конкурсқа қатысуға рұқсат сұраймыз.

Тиісті түрде негіздеме ұсынылмаған және бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылданбаған жағдайда, "PWS Group" ЖШС-і уәкілетті органға шағымдану құқығын, сондай-ақ өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғау құқығын өзінде қалдыратынын хабарлайды.

"PWS Group" директоры ***ЭЦП*** ***Т.Нарынбетов***

Мекен жайы: Шымкент қ., Рысқұлов көшесі, 19 үй
Тел: +77075020055 E.mail: too.pwsgroup@gmail.com